

2011 жылға қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға арналған біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2011 жылғы 4 мамырдағы N 348 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Эділет басқармасында 2011 жылғы 25 мамырда N 8-15-144 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. 2011 жылға қызметі дүркін – дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға арналған біржолғы талонның құны қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың ауданның бюджеттік саясаты мен әлеуметтік – экономикалық дамуы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (И.М. Шакирбеков).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Е. Врана

Хатшы

К. Саккулаков

2011 жылғы 4 мамырдағы
Осакаров аудандық мәслихатының
45 сессиясының N 348 шешіміне
қосымша

2011 жылға қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға арналған біржолғы талондардың құны

N p/c	Біржолғы талон негізінде кәсіпкерлік қызмет түрлері	Айлық есептік көрсеткіштен % біржолғы талондардың күндік құны
1.	Бақша дақылдарын сату*	13
2.	Саяжайларда және үй маңындағы участеклерде өсірілген табиғи гүлдерді сату*	10

3.	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағандық, бақшашылық және саяжай участекерінің өнімдерін сату*	4
4.	Газеттер мен журналдар сату*	7
5.	Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет) сату*	10
6.	Жер участекерін өндеду жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметті	24
7.	Жануарлар мен құстардың жемдерін сату*	10
8.	Үй жануарлары мен құстарын бағу	3
9.	Сыпыртқылар, сыпырғылар сату*	4
10.	Орман жиедегін сату*	4
11.	Бал сату*	10
12.	Санырауқұлақ сату*	4
13.	Балық сату*	7

*Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК